

«Күләш Байсейітова атындағы
Қазақ ұлттық өнер университеті»
РММ Ғылыми кеңесінің шешімімен
БЕКІТІЛДІ

«14» сәуір 2026 ж.

№ 9 хаттама

Ғылыми кеңестің төрағасы

Г.А. Ахмедьяров



**«КҮЛӘШ БАЙСЕЙІТОВА АТЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ» РММ**

ҚАБЫЛДАУ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАНДАРЫНА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР.

**ТАЛАПКЕР «КҮЛӘШ БАЙСЕЙІТОВА АТЫНДАҒЫ ҚАЗҰӨУ» МАГИСТРАТУРАСЫНА ТҮСУДІҢ ҚАБЫЛДАУ
ЕРЕЖЕСІМЕН ТАНЫСУЫ ТИІС!**

✓ **МАГИСТРАТУРА**

• **М034 - ӨНЕРТАНУ**

• **7М02133 - «КИНОТЕЛЕДРАМАТУРГИЯ» БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ**

Кафедра атауы	Білім беру бағдарламасының атауы	Топ	Алдыңғы білімі: бакалавриат (бейіні бойынша сәйкестік)	Шекті балл
«Өнертану»	7М02133 - «Кинотеледраматургия»	Қазақ	Білім беру бағдарламасы «Кинотеледраматургия»	75 грант және ақылы

М034 «Өнертану» 7М02133 – «Кинотеледраматургия» (ғылыми-педагогикалық бағыт) білім беру бағдарламасының магистратура бөліміне кәсіби оқу бағдарламасы бойынша жоғарғы білім алған тұлғалар қабылданады. Бакалавриат пен магистратурадағы дайындық бағыттары сәйкес келсе ғана магистратураның білім беру бағдарламаларына қабылдау жүргізіледі. Оқу тілі – қазақ тілі.

Дайындық бағыттары сәйкес келіп, білім беру бағдарламасы сай болмаған жағдайда, талапкер магистратураның кәсіби оқу бағдарламасын игеруге қажетті пререквизиттердің бәрін меңгеруі қажет. Егер қажетті пререквизиттер болмаса, онда магистратураға түсуші талапкер оны ақылы негізде меңгере алады.

Талапкерлер келесі шығармашылық қабылдау емтихандарын тапсырады: **ғылыми жұмыстың рефератын қорғау және коллоквиум.**

Коллоквиум талапкер таңдаған білім беру бағдарламасы («Кинотеледраматургия») бойынша сұрақтарға жауап береді. Емтихан барысында магистратураға түсуге үміткер таңдаған білім беру бағдарламасы бойынша жоғары білім деңгейін, ғылыми зерттеу жұмыстарына деген қабілетін, т.б. көрсетуі тиіс.

Ғылыми жұмыстың рефератын қорғау бойынша емтихан келесі тәртіпте өткізіледі: реферат авторы өзі таңдаған тақырыптың мақсатын, міндеттері мен өзектілігін, зерттеу тәсілдері мен ғылыми тұжырымдарын түсіндіріп, емтихан қабылдаушы оқытушылардың реферат тақырыбы бойынша қойған сұрақтарына жауап беруі тиіс.

М034 «Өнертану» білім беру бағдарламалары бойынша магистратураға түсушілердің ғылыми жұмысының рефератына қойылатын талаптар:

1. Реферат талапкердің қазақ немесе орыс тілінде жеке және өз бетінше орындаған еңбегі болуы тиіс.
2. Рефераттың тақырыбы мен оның мазмұны талапкер таңдаған білім беру бағдарламасымен сәйкес келуі керек.
3. Рефераттың көлемі – 20-25 бет.
4. Рефераттың құрылымы мен рәсімделуі:
 - титулдық бет;
 - кіріспе (өзектілігі, мақсаты мен міндеттері, зерттеу пәні мен нысаны, зерттеу тәсілдері, тақырыптың зерттелу деңгейі, жаңалықтары, зерттеудің практикалық және теориялық маңызы, құрылымы мен рефераттың жалпы көлемі);
 - реферат мазмұны (зерттеу мазмұнын айқындайтын тараулары мен тараушалары);
 - қорытынды;
 - қолданылған әдебиеттер тізімі;

- қосымшалар (рефераттың жалпы бет көлеміне енбейді).

5. Рефераттың рәсімделуі:

Қаріп – Times New Roman, қаріптің өлшемі – 14;

Интервал – бір;

Шеттері: жоғары және төменгі – 2 см, солға – 3 см, оңға – 1,5 см.;

Абзац шегінісі – 1 см.

Болашақ ғылыми зерттеу тақырыбының Реферат - негіздемесін талапкер алдын ала белгіленген мерзімде қабылдау комиссиясына тапсырады. Ғылым докторы немесе кандидаты, философия докторы (PhD) дәрежесі немесе бейіні бойынша және/немесе қауымдастырылған профессор (доцент) немесе профессор ғылыми атағы және/немесе тиісті салада үлкен тәжірибесі бар, Қазақстан Республикасының құрметті атақтары мен мемлекеттік наградалары бар оқытушылар қол қойған рецензиялары (сыртқы) бар, көлемі кемінде 20-25 беттен тұратын ғылыми-зерттеу жұмысы (болашақ ғылыми зерттеу тақырыбын негіздеу нысанында) ұсынылуы тиіс. Жұмыс орны бойынша қуәландырылған ғылыми жетекшінің пікірі болуы керек. Рецензия рецензенттің жұмыс орны бойынша қуәландырылуы тиіс.

Реферат мәтінінде міндетті түрде пайдаланылған дереккөздерге сілтемелер көрсетіледі және ҒЖБССҚЕК талаптары бойынша ресімделген пайдаланылған дереккөздер/материалдар мен әдебиеттер жеке көрсетіледі.

Реферат тақырыбы бойынша талапкердің бұрын жарияланған ғылыми мақалалары болуы керек.

*Шығармашылық емтиханның бағалау критерийлері

Бағалаудың балдық көрсеткіші	Бағалау критерийлері <i>I - шығармашылық емтихан</i>	Бағалаудың балдық көрсеткіші	Бағалау критерийлері <i>II - шығармашылық емтихан</i>
<i>I - шығармашылық емтихан</i>		<i>II - шығармашылық емтихан</i>	
32-35	Тақырыптың өзектілігі; ғылыми жұмыстың тақырыбы мен оның мазмұны талапкер таңдаған білім беру бағдарламасымен сәйкес келуі; жұмыстың мақсаты мен міндеттері, зерттеу пәні мен нысанының айқын болуы; тақырыптың зерттелу деңгейі, жаңалықтары, зерттеудің практикалық және теориялық маңызын.	32-35	Драматургия және өзге өнер түрлерінің материалын ғылыми тұрғыда зерттеуге талпынысы жоғары, объективті, аналитикалық ойлау қабілеті өте жақсы қалыптасқан, әңгімелесу барысында білімі мен талабын, шығармашылық қабілетін жан-жақты көрсеткен, қазақ және әлем

	дереккөз тізімін камтуы; реферат тақырыбының ашылуы мен тұжырымдар жасалуы, бөлімдер арасындағы сабақтастықтың болуы; рефераттың құрылымы мен техникалық рәсімделуінің дұрыстығы және тіл сауаттылығы;		әдебиеттерін оқып білімін толықтырған; қойылған сұрақтарға толық әрі нақты дәлелді жауап бере алуы;
28-31	Рефераттың дұрыс жазылуы; техникалық және бейнелік рәсімделуі, сауаттылығы; ғылыми аппараттың толық камтылуы әрі рефераттың мазмұнын айқындауы; зерттеу жұмысының қажетті көлемде орындалуы, бөлімдер арасындағы сабақтастықтың болуы, тақырыптың толық зерттелуі және тұжырымдар жасалуы; кей критерийлерде кемшіліктер болуы және кейбір пайдаланған әдебиеттер бойынша сілтеменің дұрыс қойылмауы сынды ескертпелер болған жағдайда;	28-31	Драматургия өнерінің өзекті мәселелерін ғылыми тұрғыда зерттеуге талпынысы бар, аналитикалық ойлау қабілеті қалыптасқан, әңгімелесу барысында білімі мен талабын, шығармашылық қабілетін мүмкіндігінше көрсеткен, қазақ және әлем әдебиеттерін оқып білімін толықтырған;
24-27	Зерттеу тақырыбының өзекті болуы; зерттеу жұмысының көлемінің жеткілікті болуы; рефератты рәсімдеу ережесіне сай сауатты жазылуы; ғылыми аппаратта зерттеу мазмұнына кедергі жасамайтын кемшіліктердің кездесуі; рефераттың басым бөлігі сюжеттік баяндаудан, цитаталардан құрылуы	24-27	Драматургия өнерін зерттеуге қабілеті бар, аналитикалық ойлау жүйесі қалыптасқан, білімі мен талабын, шығармашылық қабілетін көрсетуде аздаған қателіктер жіберуі, әдебиеттер оқып (бірақ аса көп емес), білімін толықтырған;
20-23	Рефераттың мерзімді басылымдарда жарияланған ақпараттардан құрылуы, зерттеу тақырыбын ашуда әдебиеттерге сілтеме жасамауы, рефератты жазуда грамматикалық қателіктер жіберуі.	20-23	Драматургия өнерін зерттеу қабілеті орташа, аналитикалық ойлау жүйесі толық қалыптаспаған, біліміне қатысты сұрақтарға жауап беруде олқылықтардың болуы;
16-19	Зерттеу жұмысына қойылатын талаптарға сәйкес кемшіліктердің орын алуы; зерттеу тақырыбы бойынша толыққанды жұмыс атқарылмауы; талдау қабілетінің жеткіліксіздігі;	16-19	Драматургия өнерін зерттеуде қабілеті орташадан төмен, біліміне қатысты сұрақтарға жауап беруде елеулі олқылықтардың болуы, әдебиеттер оқып білімін толықтырмаған, оның орнына ауызекі естіген ақпараттармен шектелуі;

12-15	Ғылыми зерттеу жұмысын жазудағы маңызды қателіктердің орын алуы; аналитикалық ойлау қабілетін көрсете алмауы; зерттеу тақырыбының толық ашылмауы; рефераттың бет көлемінің жеткіліксіздігі; тұжырымдамалардың толық болмауы; дерекөздердің аздығы.	12-15	Драматургия өнерінің өзекті мәселелерін ғылыми тұрғыдан зерттеуде білімінің жеткіліксіз болуы, қабілеті мен талабын толық көрсете алмау, ойын жүйелеп жеткізе алмау;
7-11	Реферат тақырыбының ғылыми негізінің болмауы, өзектілігінің жоқтығы; ғылыми аппараттың зерттеу жұмысымен сәйкес келмеуі; зерттеу тақырыбының мүлдем ашылмауы; рефераттың бет көлемінің тым аздығы; зерттеу жұмысын жазу қабілеті мен білімін көрсете алмауы;	7-11	Драматургия өнерінің өзекті мәселелерін ғылыми тұрғыда зерттеу бойынша білімінің төмендігі, қабілеті мен талабын көрсете алмау, қойылған сұрақтарға жауап бере алмау, ойын жүйелі жеткізу қабілетінің болмауы;
0-6	Емтиханнан өтпейді	0-6	Емтиханнан өтпейді

БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ:

Шығармашылық емтиханның сұрақтары бойынша: 2026-onertanu@mail.ru
Оқуға түсудің жалпы мәселелері: Kaznui.priem@gmail.com

Факультет деканы: Биримкулов Ернийаз Рыскулович



Кафедра меңгерушісі: Жекибаева Жазира Женисовна

